

АТЫРАУ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ДІНДАРЛЫҚҚА БЕТБҰРЫС ҮРДІСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ҚОҒАМДАҒЫ РӨЛІ

Дюсемалиева Жұмагүл Нәсиқызы Ute05@bk.ru «Дінтану» білім бағдарламасының 1 курс студенті Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ. Қазақстан Республикасы Ғылыми жетекшісі, филос.ғ.д, профессор Бекежан Ө.Қ.

Кеңес үкіметі кезінде дінге байланысты нәрселердің бәріне тиым салынғаны белгілі. Сондықтан дінді ұстап, діни салт-жоралғыны сақтау қиын болғаны баршамызға аян. Тәуелсіздікке дейін дін туралы ақпарат болмады десекте болады. Тек бір құдайдың бар екенін білді. Қайтқан адамға жаназа намазға барғанда жерлеу рәсімдері мүлдем бөлек болды. Әйел адамды табытқа (гроб) салып, қыздай кетсе ақ көйлек кигізіп, фата тағып жерлейтін. Музыкамен үрмелі аспаптар оркестрін шақыратын. Дінді үйренетін жерлер де, молдаларда аз болды. Қалада бір ғана қазіргі Құспан молда мешіті болатын. Ол Самарқанд көшесінде орналасқан. Сондықтан жалпы жұртшылық өзін мұсылман санағанымен, ислам дінінің бүге-шүгесін білетін адамдар аз болды. Соның ішінде әйел адамдар діннен, мешіттен мүлдем тыс қалды. Сол Құспан молда мешітінде талай жылдар бойы, дінге келген татар аналар ғана намаз оқып, ораза ұстаған еді. Осы жағдай туған еліміздің тәуелсіздік алып, өз алдымызға егемен ел болғанда ғана өзгерді. Тәуелсіздік әкелген зор мәдени, рухани өзгерістің бірі ата-бабамыздан келе жатқан қастерлі дінімізге жол ашылып, қол үзіп қалған рухани байлығымызбен қайта қауышу болды. Сол 1991 жылдары дінге жалпы жұртпен бірге атыраулық әйел қауымы да игі істерге бетбұрыс жасады. Осы мақаламда сол бір тарихи кезеңде Атырау әйелдері ішінде дінге бетбұрыс жасап, діндарлыққа жол ашқан алғашқы әйелдер-апаларымыз туралы зерттеу жасағым келді. Сол кезде әртүрлі салада қызмет атқарып, жанұя бағып, бала өсіріп отырған жас келіншіктердің басын қосқан нәрседінге деген құлшыныс, рухани жолға түсуге деген ізденіс болды. Осы бір игі істің басында Есқалиева Нағима Ізімқызы, Қарлыға Жамбылқызы Қошайтегі, Қуанова Ақтима Қуанышкерейқызы, Жібек Төлеуішқызы Тулеушева, Мағрипат Сұлтанқызы сияқты қазіргі елге танымал, Атыраудағы әйел қауымы ішінде ұлттық дәстүр мен ислам дінінің құндылықтарын қатар ұстап, тәрбиелік маңызы зор рухани шараларға бастамашы болып жүрген апайларымыз болды. Сонау еліміз тәуелсіздік алған жылдары өңірдегі әйелдер арасында дінге бетбұрыс жасаған әйелдер жөніндегі мақаламда олардың өмір тарихтарына тоқталып дінге келу жолындағы қиындықтары мен алғашқы қадамдары және осы бағыттағы істеп жатқан игі істері жайында өз сөздеріммен бөліссем деймін. Осында алғашқы болып дінге келген апаларымыздың бірі-Есқалиева Нағима Ізімқызы еді. Ол кісі 1954 жылы 6 мамырда бұрынғы Гурьев қаласында дүниеге келген. 1971 жылы орта мектепті, Алматы, Ақтөбе қалаларында техникалық оқу орнын бітіріп, әр түрлі салаларда еңбек етіп, 1991 жылдан бастап тылсым күштердің ықпалымен көп ауырып, өмірде өз орнын табу үшін дінге келген. Еш нәрсенің парқына бара бермеседе діннен баяз тапқан. 1997—98 жылдары қазіргі Құспан атамның атындағы мешітке Түркиядан дін ұстазы келді деп халыққа берген хабарландыруды газеттен көріп мешіттің есігін алғаш рет ашқан жандардың бірі. Жалел Гезар ұстаздан алған білімі қалған өміріне азық болып келе жатқан жанның бірі. Апамыздың айтуы бойынша бұл адамдардан да ертерек келген Фатима анамыз, Дариға анамыз қазіргі кезде дүние салған. Сол кезде Күнжамал анамыз, Мағрипат Сұлтанқызы анамыз, Маржан анамыз алғашқы 83 шәкірттер болды. Сондай-ақ, Мәулет мерекесі облыста алғаш рет тойлануының куәсі болған осы кісілер еді. Оған 30 шақты адам болып ұстазбен өткен шара турасында көптеген түсініспеушілік туындап жатты. Ал 2000 жылы қаланың ортасынан Иманғали мешіті бой көтерді. Кітапхана ашылды ол жерде көзі ашық көкірегі

ою жоғарғы білімді, сөз саптауы шебер Дариға Өтегенқызы Қалыбаева апамыз бастаған ұжым жұмыс жасап қазақ әйелдерінің сауат ашу курстарын ұйымдастырып, түрлі діни шаралардың өтуіне ат салысты. Геолог маманы ретінде сол кезде адасып жүрген жандарға жол сілтеді. Намаз сабақтарын үйретіп, кездесулер, қайырымдылық шараларын атқарды. Қарлыға Жамбылқызы Қошайтегі ардагер ұстаз, тәлімгер маман, аяулы жар, ардақты ана, мейірімді әже. Теңіз ауданы Жамбыл колхозында 1961 жылы 25 қаңтарда Қошай әулетінде дүние есігін ашқан. Қошай атасы діндар, білімді, балық шаруашылығында еңбек еткен жан болған екен. Әжесі Набира Мұханәліқызы медресе бітірген, діни сауатты білімді адам болған, сол кезде ораза ұстап, әйел адамдар зікір айтып, құдайға құлшылық еткен. Калима шаһадатты жатқа білсе, қала бере Ықылас сүресін жаттатқызған. Қарлыға Жамбылқызы Атыраудағы Ю. Гагарин атындағы орта мектепте 49 жыл еңбек еткен ұлағатты ұстаз. Отбасымен қоса Қазақстанда исламның таралуы тарихы мен пайғамбарымыз Мұхаммед (с. ғ. у.) туралы көп оқыған. 1996 жылы қасиеті ашылып, 1972 жылы Набира әжесі өмірден өтерде: 37 жасқа мұқият бол, Аллаға қарсы келме, Қалпә атаң пері ұстаған оқыған мықты молда болған-деп өсиет еткен екен. Кеңес үкімет құлағаннан кейін Қазақ еліне Түркия елінен діни маман кадрлар мешіттерде дәріс бере бастап ислам дінінің таралу жолында мықты еңбек етті. Соның ішінде Құспан молда мешітінде Жалел Гезар ұстаздың еңбегі зор болды. Оның баласы 5- сыныпта Қарлыға Жамбылқызынан сабақ оқыса, апай оның әкесінен дәріс алған екен. Дүние жүзілік тарихтан Анкараны түсіндірген сәтте баланың туған елге сағынышын көріп толқыдым- дейді апай. Ислами дәстүрлі дініміздің мақсаты адамның жаны мен тәні, рухының саулығын, ақылын, мал мүлкін, тегін сақтау. Дініміз жеке тұлғаның дамуына, отбасы құндылықтарды, қоғамда қалыптасуына өте көп ықпал етеді. Қарлыға Жамбылқызы 9- сыныпқа дінтану пәнінен сабақ берген кезінде оқушылардың осы пәнге қызығушылығының өте жоғары болғанын үнемі айтып отырады. 2007—2021 жылдар бойы осы сабақтарға үлкен жауапкершілікпен қарадым - деп еске алады апай. Осы жылдары дәстүрлі дінімізге бет бұрған апаймыздың бірі-Қуанова Ақтима Қуанышкерейқызы еді. Көп балалы отбасынан шыққан анамыз егемендік алған жылдары 10 жасар баласы Маратпен бірге діни білім алу үшін қатар оқып, 1998 жылы өте жақсы деген бағамен бітіріп, жас баламен Құрманғазы ауданындағы Темірәлі мешітінде діни дәріс беріп бастаған еді. Сол кезде отбасымның қарсылығына қарамастан ислам дінін адал ұстадым, Марат қазір қажылық компаниясын ашып қызмет етуде. Отбасымда ағайын туыстарда бәріміз исламға бет бұрдық. Дәстүрлі ислам дінін ұстаймыз-дейді Ақтима Қуанышкерейқызы. Дінге келгеніміз 1998 жыл болатын деп еске алады - Ақтима апамыз. Самарқанд көшесі бойында орналасқан ескі мешітке барып түрік ұстаздан білім алып, қиындықтарды жеңе отырып, геолог поселкесінен жаяу келіп, 10 автобусқа мініп, ақшамыз автобусқа әзер жетеді, киімнің қазіргідей түрі жоқ, ақ көйлек, қара юбка, орамал күнде тазалап киіп, құлшылықтарымызды жасадық. Үйге келгенде екі бөлмеге отырып құран жаттаймыз, жазамыз. Ақша тауып күнкөріс қиын болды, отбасым қарсы болды діни оқуыма, соған қарамастан оқыдық. Бертін келе діни бағытымыздың дұрыс екеніне көздерін жеткіздік – деп еске алады апай. Өзінің дінге бетбұрыс жасап, діндарлық жолы жайлы Жібек Төлеуішқызы Тулеушева былай дейді. 1951ші жылы 25-майда Атырау облысы, Новобогат (қазіргі Исатай ауданы) ауданы, Мыңтөбе учаскесінде қарапайым еңбекші жанұясында дүниеге келіп, сол жерден Карл Маркс 84 атындағы мектептің 1-ші сыныбына барып, 3-ші сыныпта отбасы жағдайымен Махамбет ауданы, Жанбай селосына көшіп келіп, 3-ші сыныптан бастап сол жерде оқып, 1968-ші жылы Куйбышев атындағы 10 жылдық мектепті «жақсы» деген бағамен тамамдадым, ауылшаруашылығында жұмыс жасадым, 1972-ші жылы Гурьевтегі медучилищеге түсіп, 1974 ші жылы «жақсы» деген бағамен бітіріп, Махамбет ауданының шалғай участогіне фельдшер болып жұмысқа жіберілдім, еңбек жолымда онкологиялық

диспансерде лаборант, № 2-ші поликлиникада учаскелік медбике, 1981-і жылдан бастап облыстық ауруханада медстатист, поликлиникада физ кабинетте, 1991-ші жылға дейін ұйымдастыру бөлімінде медстатист болып жүріп, өз өтінішім бойынша жұмыстан кеттім, шағын жеке кәсіпкерлікпен айналыстым, 1992 тен бастап үйде бала тәрбиесімен жұбайымның қолдауымен үйде отырдым, Заман өзгеруіне байланысты балаларды көше тәрбиесінен шектеп, отбасында тәрбиелеу керек деп мені үйге отыруымды талап етті. Біз- ұят болады, обал болады, жақсылық жасасаң сауап болады, қарғыс алма-алғыс ал, кісі ақысын мойныңа жүктеме, жерде жатыр екен деп алушы болма- әр заттың иесі бар, өзіндікі емеске қол жүгіртпе, аузым өзімдікі деп сөйлей берме, сөз сүйектен өтеді, адалдан тапсаң асың адал болады, көрші ақысы –құдай ақысы, туғаныңды құдайыңдай сыйла- жат жаныңнан түңілісін және тағыда басқа тыйымдармен тәрбиеленген ұрпақпыз ғой. Мен өзім әкем қайтыс болғанда бір ғажап оқиғаға куә болдым. Ол кезде сүйекті киіз үйге пәктеп, жаназадан кейін киіз үйді көтеріп үйге жақын жерге орналастырады ғой. Түнде киіз үйдің қасынан өтіп бара жатсам керемет әдемі дауыс құран оқып жатыр, жүрегім елжіреп тыңдап тұрып қалдым. Күз уақыты болатын, біраз тұрып қалыппын үйде шаруалар бар ғой үйге кірсем молда аталардың бәрі үйде отыр, сонда кім құран оқып жатыр?-деп ойладым. Ойладым да қойдым бірақ қорқу, қобалжу болған жоқ. Содан үйге келгеннен бастап түсімде әкемнің даусымен «лә иләһә иллалла Мұхаммад расулалла» деп үш қайтара айтпай ұйықтама балам –тұр жуынып келеғой, -деп тірі кезінде қалай жұмсақ сөйлесе тап солай сөйлегендей болады, бірақ ол құлаққа келген дауыс емес еді. Бұл 1974-ші жылдар болатын. Кейде шаршап, немесе ұмытып жатып қалсам есіме салып тұратын. Бертін келе әжетханаға оң аяқпен кіріп бара жатсам кеудемнен бөгейді, одан бері келе 1989-жылдар шамасында намаз оқы, ораза ұста деп кәдімгі түсімде айтатын болды. Мен білмеймін ғой деп жылаймын. Міне, осылай келдім намазға. Әулетімізде діндар аталарымыз болғанын, діни ағартушылық қызмет атқарғанын кейін білдім. Олардың дін жолындағы тағдыры да оңай болмағанын артынан білдік. Менің төртінші атам Көкей, Қалпе деген інісімен Ұштаған деген жерге 1805-жылдары келген екен, Қоңыр үйлі қожа киік сауған бөлімінен. Арғы жағымыз Сейіт қожадан тараймыз. Назар деген атамыз бір байдың ауру қызын оңаша тіккен қоңыр үйде киіктің сүтімен емдеп жазған екен деген әңгіме бар. Міне, сол Назар атаның Мұрын деген баласынан біздің аталарымыз тарайды екен. Мұрын, Байтөлес, Қожакілең деген үш баласы болған Назар атамыздың . Сол кісінің Жәния деген қызынан тараған Бекет атаны біздің жиен деп отыратын үлкендер. Біздің аталарымыз дін таратуға келген, сондықтан болар дін туралы айтпай кетті, ол бір ауыр жылдар еді. Дін ұстаған адамдар жаппай қуғын-сүргінге ұшырап жатты. Шамғон деген атамыз атылып кетті. Қудалауға көп түскен ғой. Ата, әжелері құран хафыз, қари адамдар болыпты. Бір атамыз сопы болған, мешіт ұстаған екен. Солардың дұғасымен осы күнге жеткізген Аллаға сансыз шүкірлер, мадақтар болсын деп тілек айтамын. Әкемнің Маруан деген кенже інісі өзінің ұлы қайтқанда құранды жатқа хатым етті. Заман бұзылып оқи алмаса да, ата анасынан жаттап алған екен. Мен мешітке 1997-ші жылы келдім, 1998-ші жылы сауат ашу курсына жақсы мұсылман деген атпен бітіріп шықтым. Шәкірт кезімізден бастап ішкі қоғамдық жұмысқа барымызша аянбай араластық. Бізді басқарып, ертіп жүретін Бибіфатима апамыз болды. Ол кезде мұсылманша киім табу қиындау болатын. Ақшамызда аздау, ол кезде жұмыссызбыз ғой. Сонда да апа Қызылорда жақтан мата сатып әкеліп, кішкене қыздарға, әйелдерге шарифатқа сай қолдан 85 келгенше киім де тіктік. Мені әйелдердің баскиімі мәселесі көп ойландырды бірақ, үй ішіндегі дінге түсініспестік, өзімнің рухани жағдайым қаржы және мәселесі жағынан бірден кірісіп кетуге мүмкіншілігім аздау болса да 1-2 дана болса да тігіп сыйлап, кейде сатып кимешекті тігіп бастадым. Әжелер мектебі құрылғаннан бастап қол өнерді жастарға үйретіп, жәрмеңкеге шығарып, дами бастадық. Қатеп ұстаздың келуімен

жандана бастаған жұмыс Айша ұстаз келгеннен кейін тіпті дами түсті. «Жібек кимешек» деген атпен бір кимешегім «Аналарға құрмет» музейінде сақтаулы тұр. Мешіт имамдарының тарапынан болған марапаттары Алла разылығы үшін істеген істерімнің құжатындай деп есептейміз. Мысалы: 2024 жылы «Ислам және дәстүр жылы» деп жарияланған болатын, сол жылы Атырау бас имамы Алтынбек Ұтысқанұлының қолдауымен Дюсемалиева Жұмагүл Нәсиқызы ұйымдастыруымен «Асыл мұра — көненің көзі» атты шара қала мешіттерінің арасында өтті. Қазақи құндылықтарды дәріптеуде кешенді жоспарлы жұмыстар жүрді. Әйел адамның асыл тәжі болған ақ кимешек туралы орамалдар күніне орай «Ана көркі — кимешек» атты шара өтті. Асыл әжелер бас қосып дәстүрлі ата-бабамыздан қалғанын ертеңге жеткізу мақсатында насихаттап келеміз-дейді Жібек Төлеуішқызы. Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ еліне бақ қонды. Жағдай жақсарды, діни сауат ашып, қазақ қыздарына әйел ұстаздар келді. Қазақ қыздарына арналған қарилар мектептері ашылды. Көптеген мешіттерде дәріс бере бастады. Жоғары білімді ұстаздар көбейді. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары қазақ халқының, соның ішінде қазақ әйелдерінің ислам дініне бетбұрыс жасауына зор мүмкіндіктер жасалды. Қазір дін жолында жүрген әйел баласы Атырау өңірінде де көп екенін білеміз. Бірақ осы дінге қатысты соның ішінде діндегі әйел, қыз балаларға қатысты таластың, көптеген әртүрлі пікірдің бар екенін бәрімізде білеміз. Соған байланысты айтарымыз жоғарыда апайларымыз салған жолдың ұлтымыздың дәстүрімен, ұлттық құндылықтармен тығыз байланысты. Олардың дін саласындағы игі істері ешқашан қазақ халқының дәстүрінен, ата-бабаның жолынан бұрыс немесе оған қарсы болып көрген жоқ. Біз дәстүрлі дінімізді өзіміздің салтымызбен ұштастыра насихаттап келеміз. Соның арқасында басқа елдің салтына, киіміне жол бермеуге қызмет етеміз. Осындай қызмет арқылы салтымызға жат ағымдармен, салтымызда болмаған әдеттермен күресіп жүрміз. Мысалы: біздің аналар, әжелер тобы көптеген шаралар өткізуде. 2003 жылдан бері Қазақстан Қажылары Қауымдастығы құрылып, қажылық сапарларға шақырып жұмыстар жасалған. Ділда Матайқызы анамыз алғашқы қажылардың бірі еді. Асыл дініміздегі дәстүрдің дамуына көптеген еңбек еткен жан болатын. Ділда Матайқызының тәрбиелік мәнге толы бірнеше кітабы жарық көрді. Бибіфатима Жұмахметқызы сол жылдары мешітке барып түрік ұстаздан дәрістер алып, қауіпсіздік шараларына қатысқаны үшін ұлттық қауіпсіздік органынан медальмен марапатталды. Сол кезде теолог маманы ретінде зерттеулер жасаған жан. Сонау 2008 жылы үлкен қажылық сапарымды өтеп қайтқан соң маған ұсыныс жасалып Қазақстан республикасының қажылары қауымдастығының Атырау облысы бойынша әйел-қыздар бөлімінің төрайымы лауазымына ұсынып, тағайындалдым. Осы қауымдастық арқылы көптеген іс-шаралар атқардық. Қажылар басшысы Кемелов Дүйсехан Төлегенұлы болатын, сол кісінің басшылығымен мешіттердің ашылу салтанаты, айт мерекесі, мәулет мерекесі, наурыз мерекесі тойланды. Қажыларды қажылық сапарларға шығарып салу, қарсы алу құрметтері Иманғали орталық мешітімен бірге өтті, сол кезде мешіт қажыларды дайындап оқытатын. Ал 2017 жылы Батыржан Берденұлы Мансұров бас имам болып тұрғада әйел-қыздар секторы жанынан Атырау әжелер мектебі құрылды. Міне, сол әжелер мектебінің ұжымы жылда белгіленіп берілетін бағыттар бойынша, қазақи құндылықтарды дәріптеуде кешенді жоспарлы жұмыстар жасалып келеді. Мысалы, 2024 жылы «Ислам және дәстүр жылы» атанған болатын, 86 соның аясында «Асыл мұра — көненің көзі» атты ауқымды шара өткізілсе, орамалдар күніне орай «Ана — көркі кимешек» атты кең көлемдегі шаралар өтті. Біздің мақсатымыз - дәстүрлі дініміздің көркеюіне ат салысу және дін мен ұлттық құндылықтарымызды бірге сақтау. Алдын ала жасалған жоспар бойынша тәрбиелік шаралар өткіземіз. Сонымен қатар «Елсана» рухани патриоттық қауымдастығында да айтулы шаралар өтіп жатыр, қыз-келіншектерге арналған «Инабатты аналар» алаңында

көптеген ұлттық тағамдарға қатысты шаралар өткізілді. «Иман нұры» атты бөлімде басшылық еткен ұстазымыз Ардақ Сайынқызы мен Дамен апай, Айсұлу Қайырқызы болып тәрбиелік мағынадағы әңгімелер айтып бірнеше мереке күндері атап өтілді. Биыл «Ислам және отбасы» жылы болғандықтан қазақ отбасының тәрбиесіне аса көңіл бөлініп отыр. Қазір қоғамда діни білімге деген қызығушылық көп екені рас. Соның ішінде талас болған орамал мәселесі т.б. да бар. Осы мәселені шешудің бір жолы орамалмен күресу емес, оның орнына қазақтың дәстүрлі киімін, орамалын, кимешегін насихаттау, оны тарату. Сонда жат ағымға еріп, ұлттық дәстүрге қарсы болып жүрген жастарды өзімізге тартар едік деген ой тастаймын. Президентіміздің еліміздің рухани дамуы халқымыздың төл мәдениетін дамытуымен тікелей байланысты екенін айтқанын естен шығармауымыз керек. «Хакім Абай «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» дегенін білесіздер. Ұлы Абайдың бұл сөзі ұлт ұстанымына айналды. Біз ұлттық мәдениетті дамытуымыз керек. Ұлттық мәдениет дегеніміз бұл – мағынасы терең, көпқырлы ұғым. Халқымыздың төл мәдениеті салт-дәстүрден, әдет-ғұрыптан бастау алады. Ұлттық киімнің өзі – ұлт мәдениетінің жарқын көрінісі. Сондықтан ұл-қыздарымыз ұлттық киімді Наурыз мейрамында я болмаса басқа мерекелерде жиі киіп жүрсе, керемет болар еді. Тек мерекеде емес, ұдайы киіп жүрсе де, жарасымды болатыны сөзсіз. Жалпы ұлт мәдениеті – халық өмірінің айнасы, оның болмысы. Еліміздің рухани дамуы ұлттық рухқа тікелей байланысты»-дейді Президент. Қазіргі қазақ қоғамындағы діндар әйелдің бейнесі қандай десе біз ондай әйел асыл дінімізді ұлтымыздың дәстүрімен ұштастырып, ұлттық киімді салтымызға сай киіп, әдет-ғұрыптарымызды берік ұстанып, отбасын ұйытып, ұрпақ тәрбиелеп, елге еңбеп етіп жүрген, білімді, мамандық иесі қыздар мен келіншектер дер едім. Осындай дәстүрдің жалғасып, ұлт тәрбиесіне арқау болуына өңірдегі діндар әйелдер де өздерінің үлесін қосып жүр дейміз. Қазақ әйелінің діндегі орны да, қоғам алдындағы жауапкершілігі де үлкен. Олар дін мен ұлттың дәстүрлі қатынасын сақтауға барлық күш-жігерін салуда.

Қолданылған әдебиеттер тізімі: 1.Тоқаев Қ. Жұрттың діни сауатын арттыру қажет. Егемен Қазақстан. 7 сәуір, 2023 ж. 2. Мұхан Исахан. Ислам мәдениетіндегі әйел мәртебесі Электрондық ресурс: <https://abai.kz/post> 3.Әбдірәсілқызы А. Рухани құндылықтарды қалыптастыру мен дамытудағы қазақ әйелінің орны. Дін. Дәуір. Дәстүр :зерттеулер,мақалалар, сұхбаттар.-Атырау.2016-252б. 4.Дін мен дәстүр./Жинақтаған С.Ибадуллаев-алматы,2021.-192 бет. 5.Әділбаева Ш. А. Исламда отбасы: Оқулық.-Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір».-2023.-268 б.